



БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

05.11.2020 № 70-02
Ақтау қаласы

город Актау

Об утверждении тарифной сметы акционерного общества «Мангистауская региональная электросетевая компания» на регулируемую услугу по передаче электрической энергии на 2021-2025 годы

В соответствии с подпунктам 10) статьи 8, пунктом 2 статьи 15 Закона Республики Казахстан «О естественных монополиях» и с подпунктом 9) пункта 14 Положения Департамента комитета по регулированию естественных монополий Министерства национальной экономики Республики Казахстан по Мангистауской области от 17 сентября 2019 года **ПРИКАЗЫВАЮ:**

1. Утвердить тарифы акционерного общества «Мангистауская региональная электросетевая компания» на регулируемую услугу по передаче электрической энергии на 2021-2025 годы согласно приложению №1 к настоящему приказу.

2. Отделу регулирования естественных монополий и цен Департамента Комитета по регулированию естественных монополий Министерства национальной экономики Республики Казахстан по Мангистауской области довести настоящий приказ до сведения акционерного общества «Мангистауская региональная электросетевая компания».


3. Ответственность за исполнение тарифной сметы возложить на первого руководителя акционерного общества «Мангистауская региональная электросетевая компания».

4. Акционерное общество «Мангистауская региональная электросетевая компания» обязано довести до сведения потребителей не позднее, чем за тридцать дней до введения тарифов в действие.

5. Контроль за исполнением настоящего приказа оставляю за собой.

6. Настоящий приказ вступает в силу со дня его подписания, за исключением пункта 1 настоящего приказа, который вводится в действие с 1 января 2021 года.

Руководитель



Ж. Салимов



БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

05.11.2020 № 70-НҚ
Ақтау қаласы

город Актау

2021-2025 жылдарға арналған электр энергиясын беру жөніндегі реттеліп көрсетілетін қызметке «Маңғыстау өңірлік электртораптық компаниясы» акционерлік қоғамының тарифтік сметасын бекіту туралы

«Табиғи монополиялар туралы» Қазақстан Республикасының Заңы 8-бабының 10) тармақшасына, 15 бабының 2) тармағына және 2019 жылғы 17 қыркүйектегі Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика Министрлігінің Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Маңғыстау облысы бойынша департаменті ережесінің 14-тармағының 9) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған «Маңғыстау өңірлік электртораптық компаниясы» акционерлік қоғамының электр энергиясын беру жөніндегі реттеліп көрсетілетін қызметіне 2021-2025 жылдарға арналған тарифтері осы бұйрықтың №1 қосымшасына сәйкес бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Маңғыстау облысы бойынша департаментінің Табиғи монополияларды және бағаларды реттеу бөлімі осы бұйрықты «Маңғыстау өңірлік электртораптық компаниясы» акционерлік қоғамының назарына жеткізсін.

3. Тарифтік сметаның орындалуына жауапкершілік «Маңғыстау өңірлік электртораптық компаниясы» акционерлік қоғамының бірінші басшысына жүктелсін.

4. «Маңғыстау өңірлік электртораптық компаниясы» акционерлік қоғамы тарифтер қолданысқа енгізілгенге дейін отыз күннен кешіктірмей тұтынушылардың назарына жеткізуге міндетті.

5. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

6. Осы бұйрық 2021 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізілетін осы бұйрықтың 1-тармағын қоспағанда, қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Басшы



Ж. Сәлімов